

2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан - желтоқсанында Сарысу ауданы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарын мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы

Жамбыл облысы Сарысу ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 27 наурыздағы N 42 қаулысы. Сарысу аудандық Әділет басқармасында 2012 жылғы 8 мамырда 6-9-138 нөмірімен тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 27 бабына, «Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығына және "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 326 Қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімдерін өткермеген азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру жүргізілсін.

2. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және жүргізу үшін келесі құрамда аудандық шақыру комиссиясы құрылсын:

- | | |
|--------------------|--|
| Тоқсанбаева Мағия | - Сарысу ауданы әкімінің орынбасары, комиссия төрайымы; |
| А б д и е в | «Жамбыл облысы Жаңатас қаласының қорғаныс істері жөніндегі |
| Ерғали Әзімбекұлы | - біріктірілген бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасының орынбасары (келісім бойынша) |
| Комиссия мүшелері: | |
| Ж ұ м а ф ұ л о в | «Жамбыл облысының Ішкі істер департаменті Сарысу ауданының ішкі |
| Бақыт Серікұлы | - істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары (келісім бойынша); |

Қырғызбаева
Әлия Абдуллақызы

«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Сарысу аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны бас дәрігерінің орынбасары, дәрігерлік комиссия төрайымы (келісім бойынша).

Керімбеков
Дәулет Қайратбекұлы

«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Сарысу аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының медағасы, комиссия хатшысы (келісім бойынша).

3. «Жамбыл облысының Ішкі істер департаменті Сарысу ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) өздерінің құзыреті шегінде әскери қызметке шақырудан жалтарған адамдарды жеткізуді қамтамасыз ету ұсынылсын.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылдың 1 сәуірінен туындайтын қатынастарға таралады.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Тоқсанбаеваға жүктелсін.

Аудан әкімі

Ж.Омаров

« К Е Л І С І Л Д І »

«Жамбыл облысы Жаңатас қаласының
Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген
бөлімі» мемлекеттік мекемесінің

б а с т ы ғ ы

Е . А б д и е в

29.03.2012 жыл

«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық
сақтау басқармасы Сарысу аудандық
орталық ауруханасы» коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының
б а с дәрігері

Р . М ұ х а н о в

04.04.2012 жыл

«Жамбыл облысының Ішкі істер
Департаменті Сарысу ауданының ішкі
істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің

б а с т ы ғ ы

Б . Н ү р к е н о в

04.04.2012 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК